12.30-13.00	**Түскі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (3,5 топ)**		**Шағым бойынша қабылдау (1,2,4 топ)**		
13.00-14.30	**Күндізгі ұйқы.Жауапты - топ тәрбиешілері. Криотерапия. Медбикелер**				

15.00-15.40	Тіс дәрігерінің бақылауы Қазақ тілі Бердибекова Ж.С.	**Емдік шаралар (Физио, Галотерапия) Медбике Касымова Н.Д. Досанова К.С.**	Массаж Хасенова Г.М. Педиатр дәрігерінің бақылауы Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.	Физиотерапевтің бақылауы Ағылшын тілі Сағынғалиева А.Ж.	Лор дәрігердің бақылауы Әдебиеттік оқу Корабаева Ф.Б.
15.45-16.25	Физиотерапевтің бақылауы Физическая культура Трофимова Л.Н..	Кезекші дәрігермен кезекші медбикенің бақылауы Ағылшын тілі Тулегенова М.А.	Лор дәрігердің бақылауы Ағылшын тілі Сағынғалиева А.Ж.	**Емдік шаралар (Физио, Галотерапия) Медбике Байтуреева, Досанова К.С.**	Кезекші дәрігермен кезекші медбикенің бақылауы Бейнелеу өнері Корабаева Ф.Б.
16.30-17.10	Кезекші дәрігермен кезекші медбикенің бақылауы Английский язык Тулегенова М.А.	Лор дәрігердің бақылауы Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.	Физиотерапевтің бақылауы Еңбекке баулу Корабаева Ф.Б.	Тіс дәрігерінің бақылауы Музыка Кисимбетова Ш.Б.	**Емдік шаралар (Физио, Галотерапия) Медбике Аламабекова, Досанова К.С.**
17.10-17.30	**ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (2 топ),СӨС бойынша сұхбат «Шынықсаң шымыр боласың» Таза ауада серуен. Дала ойындары. Тәрбиешілер.**				
17.30-18.00	**Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2,4 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (5 топ), СӨС бойынша сұхбат «Шынықсаң шымыр боласың»**				
18.00-18.30	**Кешкі ас.Жауапты- топ тәрбиешілері(3,5 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (1 топ), СӨС бойынша СӨС «Шынықсаң шымыр боласың»**				
18.30-19.00	**«Пошта жәшігі» алғыс хаттар. Тәрбиешілер.**				
19.30-19.40	**Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2,4 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ (3 топ), СӨС бойынша сұхбат «Шынықсаң шымыр боласың»**				
19.40-20.00	**Екінші кешкі ас, Жауапты -топ тәрбиешілері (3,5 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ (4 топ), СӨС бойынша сұхбат «Шынықсаң шымыр боласың»**				

Оқу-сауықтыру кешені директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Е. Тельтаева

«БЕКІТЕМІН»
«Бөбек» оқу-сауықтыру кешенінің
директоры _____ А.Т. Маденова

«Жастардың жауапкершілігі: Өзін-өзі басқару ұйымы арқылы болашаққа қадам»

Алматы, 2025 жыл

Мазмұны

1) Аннотация .....
2) Кіріспе .....
3) Негізгі кезең .....
4) Қорытынды .....

Аннотация

"Өзіңді басқарған адам әлемді
басқара алады."
Әл-Фараби

Жоба мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту, жауапкершілік пен көшбасшылық қабілеттерін арттыру, ұйымшылдық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, білім беру ортасында оқушылардың белсенділігін көтеру.

Жоба міндеттері:

1. Оқушылардың көшбасшылық дағдыларын дамыту.
2. Оқушылар арасында жауапкершілік, сенім және ынтымақтастықты нығайту.
3. Өзін-өзі басқару ұйымының құрылымын қалыптастыру және оны тиімді басқару.
4. Орталықтың ішкі мәдениетін, тәртібін жақсарту.

Жетекшілер: Токкожаева Аяжан, Егем Бақдаулет, Алдабергенова Манзура, Коккозова Айжан, Баймұратова Жанель.

Жоба қатысушылары: «Бөбек» ҰҒПББСО Оқу-сауықтыру кешенінің сауықтыру ауысымына келген балалар.

Жоба мерзімі: сауықтыру ауысымы барысында

Тақырыптың өзектілігі: Өзін-өзі басқару ұйымы – оқушылардың әлеуметтік және тұлғалық дамуын, сондай-ақ, олардың жауапкершілік сезімін арттыратын маңызды құрал. Бұл ұйым мектепте тәртіп пен ұйымшылдықты қалыптастыруға, оқушылардың белсенділігін және азаматтық жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді. Өзін-өзі басқару – оқушылардың оқу-тәрбие процесінде өздерінің ролін сезінуіне, сондай-ақ, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, оқушылардың тек білім алумен ғана шектелмей, өзара әрекеттесу, көшбасшылық қабілеттерін дамыту және ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады.

Күтілетін нәтиже:

1. **Өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту:** Оқушылардың көшбасшылық қасиеттері артады, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайды.
2. **Мектепішілік белсенділік артты:** Оқушылардың мектеп өміріне қатысу деңгейі жоғарылайды, әртүрлі іс-шараларға белсенді қатысады.
3. **Ұйымшылдық пен ынтымақтастық:** Оқушылар бір-бірімен ынтымақтасып, топ болып жұмыс істей білу дағдыларын меңгереді.

4. **Қоғамға қызмет:** Оқушылар өздері ұйымдастырған іс-шаралар арқылы қоғамға пайдалы болуға ұмтылады.
5. **Көшбасшылық дағдылар:** Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері көшбасшы рөлін жақсы меңгереді.

1. Кіріспе

"Өзіңді басқару арқылы ғана өзгелерді басқаруға болатынын түсін."
Дейл Карнеги

Өзін-өзі басқару – бұл қоғамдағы әрбір адамның өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуын және сол арқылы өз ортасында үйлесімділік, тәртіп, жауапкершілік қалыптастыруды білдіреді. Өзін-өзі басқару ұғымы көптеген салаларда қолданылады, оның ішінде ұйымдар мен мекемелерде, мектептерде, қоғамда және жеке өмірде. Біздің бүгінгі баяндамамыздың басты тақырыбы – оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының маңызы мен тиімділігі.

2. Негізгі кезең

Өзін-өзі басқару жүйесі – оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жол ашатын маңызды құрал. Өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындау барысында балалар өздерінің ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың білім деңгейін арттыруға және олардың өзіндік дербестігін нығайтуға септігін тигізеді.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДАМУ ӘДІСТЕРІ:

- Кеңейтілген сенім әдісі: Балаларға дербес шешім қабылдау мүмкіндігін беру.
- Жауапты кепілдік әдісі: Әр әрекетіне жауапкершілік жүктеу.
- Жеке мысал әдісі: Басқа оқушыларға үлгі болу.
- Сендіру әдісі: Балалардың дұрыс шешімге келуіне көмек көрсету.
- Қоғамдық пікір әдісі: Ұжымдық талқылау арқылы ортақ шешімге келу.
- Мадақтау және мотивация әдісі: Ойындар, жарыстар, дәстүрлер арқылы шабыттандыру.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ БАСТЫ ПРИНЦИПТЕРІ:

- Топтың міндеттерін әділ әрі сапалы орындау.
- Ұжым мүшелерінің ортақ мүдде үшін бірлесе әрекет етуі.
- Әр баланың жауапкершілік алуы және өзіне сенімді болуы.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСТАРЫ:

- Интеллектуалды сайыстар мен білім жарыстарын ұйымдастыру.
- Мерекелік іс-шараларды жоспарлау және өткізу.
- Қабырға газетін дайындау және шығармашылық идеяларды жүзеге асыру.

- Әлеуметтік және қоғамдық жобаларға белсене қатысу.

ТӘРБИЕШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Балалардың арасында өзара сыйластық атмосферасын қалыптастыру.
- Балалардың өмір салтын дұрыс ұйымдастыруға бағыт беру.
- Жалпыадамзаттық құндылықтарды бойларына сіңіру.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ:

Сауықтыру кешеніне келген балалардың 22 күндік демалысы өзін-өзі басқару жүйесінің негізінде ұйымдастырылады. Балалар кешенге келгеннен кейін екінші күннен бастап, өзін-өзі басқару құрылымы, оның міндеттері мен ұйымдастырушылық қағидалары туралы толық ақпарат беріледі. Әр ауысымда өзін-өзі басқару ұйымы құрылады. Оған бір Президент және төрт министр (денсаулық, спорт, мәдениет және қауіпсіздік министрлері) сайланады.

Президент - барлық балаға және өткізілетін іс-шараларға жауапты болғандықтан, оның басты ұстанымы – әділеттілік пен шынайылық. Президенттің негізгі міндеті – ұжымда ақиқат құндылығын ұстанып, өзгелерге үлгі көрсету.

Мәдениет министрі - ұсынған идеялар негізінде мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға жауапты. Бұл қызмет өнерлі балаларды бір ортаға жинап, шығармашылықтарын дамытуға ықпал етеді. Өнердің ұқыптылық пен табандылықты талап ететінін ескерсек, бұл министрлікке тән басты құндылық – өз ісіне сүйіспеншілікпен қарау.

Спорт министрі - балалардың спортпен белсенді түрде айналысуына жағдай жасап, олардың денсаулығы мен жан дүниелерінің үйлесімді дамуына үлес қосады. Бұл қызметтің басты мақсаты – балалардың бойында ішкі тыныштық пен тәртіпті қалыптастыру.

Денсаулық министрі - әрбір баланың денсаулығын нығайтуға бағытталған шараларды ұйымдастырады. Күнделікті режимді сақтау, дұрыс тамақтану мен дұрыс әрекет ету сияқты әдеттерді қалыптастыру – бұл қызметтің негізгі міндеттері.

Қауіпсіздік министрі - балалардың тәртібін қадағалап, олардың бір-біріне құрметпен қарауын қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы қиянат жасамау құндылығының үлгісін көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін өзін-өзі басқару ұйымы сайлауы – қызықты әрі жаңа тәжірибе. Бұл сайлау балалардың іскерлік қабілеттерін дамытуға, өздерін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу-сауықтыру кешенінде елдің түкпір-түкпірінен жиналған оқушылардың қатысуымен өзін-өзі басқару ұйымы құрылды. Ұйым кеңесі балалар арасында сайлау өткізіп, Президент, мәдениет, спорт, қауіпсіздік және денсаулық министрлерін таңдау арқылы анықтады. Сайлауға әр топтан екі үміткер, барлығы он бала қатысты. Сайлау кезінде әр үміткер өздерін таныстырып, жұмыс жоспары мен идеяларын ұсынды. Дауыс беру нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, келесі күні олардың атқаратын қызметтері ресми түрде жарияланды. Қызметіне кіріскен әрбір бала өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен орындап, ұйымның басты мақсаттарына жету жолында үлес қосуға кірісті.

Президент	Абаева Аружан
Денсаулық министрі	Сайран Асима
Мәдениет министрі	Аманжол Айзада
Спорт министрі	Альменов Мергали
Қауіпсіздік министрі	Исмухамбетов Алижан



3. Қорытынды

Өзін-өзі басқару – әрбір адамның ішкі еркіндігін, жауапкершілігін және жеке дамуын қамтамасыз ететін маңызды процесс. Бұл қабілет адамның өз өміріне жауапкершілікпен қарап, өз шешімдерін қабылдай білуін, сондай-ақ өміріндегі мақсаттарға жету үшін күш-жігерін дұрыс бағытта қолдануын талап етеді. Өзін-өзі басқару тек жеке тұлғаның ғана емес, сондай-ақ қоғамның да дамуына ықпал етеді, өйткені бұл қасиет адамдар арасындағы өзара құрмет пен түсіністікті арттырады, үйлесімділік пен тәртіп орнатуға септігін тигізеді.

Өзін-өзі басқару ұйымдары мектептер мен білім беру мекемелерінде оқушылардың тұлғалық дамуына және әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Оқушылар өздерін-өзі басқаруға үйреніп, көшбасшылық дағдыларын шыңдайды, ұжымда жұмыс істеу қабілеттерін дамытады, сонымен қатар өз пікірлерін білдіріп, мектеп өміріне белсенді қатысады.

Жалпы, өзін-өзі басқару – бұл тек жеке тұлға үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды. Ол адамдардың өздеріне деген сенімділігін арттырады, қоғамда әділеттілік пен тәртіп орнатуға ықпал етеді. Бұл процесс адамдарға тек қана өз өмірін басқаруға ғана емес, өз ортақ мақсаттарына жету жолында бірігуге де мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өзін-өзі басқарудың негізінде жеке жауапкершілік пен өзара сыйластық жатыр, бұл қоғамда тұрақтылық пен бейбітшілік орнатуға себеп болады.

Сондықтан, өзін-өзі басқару мәдениетін қалыптастыру – әр адамның және жалпы қоғамның болашағы үшін үлкен маңызға ие.

Оқу -сауықтыру кешені директорының
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Г.Е.Тельтаева**

Қазақстан Республикасының оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО

Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Әдепті бала — арлы бала» - атты тәрбие сағатының
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Узенова Р.Н.

Өткізілетін күні: 09.10.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 18:35
Өткізілетін жері: хол ОСК
Қатысушылар: 2025 жылдың 10 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері

Сыныптар: 3–4 сынып/ Классы: 3–4 классы

Іс-шараның мақсаты/ Цель мероприятия

- Оқушыларды әдептілікке, кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу;
- Мәдениетті сөйлей білуге, дұрыс қарым-қатынас жасауға баулу;
- Халқымыздың тәлім-тәрбиеге бай салт-дәстүрін насихаттау.

- Воспитывать у учащихся уважительное отношение к взрослым, вежливость, скромность, доброжелательность;
- Научить культуре поведения и общения;
- Расширить представление о народных традициях и нормах поведения.

Іс-шара құрылымы / Структура мероприятия

1. Кіріспе сөз / Вступительное слово

Жүргізуші - тәрбиеші / Ведущий - воспитатель:

– Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар, оқушылар!
Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы – **«Әдепті бала — арлы бала»**.

Әдеп – әр адамның мінез-құлқындағы көрінісі. Әдепті бала – елдің ертеңі, ұлттың үміті.

– Здравствуйте, уважаемые учителя и дорогие ребята!
Сегодня у нас классный час на тему: **«Воспитанный ребёнок — честный ребёнок»**.
Вежливость — это зеркало человека. Вежливый ребёнок — это гордость родителей и надежда народа.

– Біз бүгінгі іс-шарамызда әдептілік туралы өлеңдер оқимыз, көрініс көрсетеміз, мақал-мәтелдер айтып, ойын ойнаймыз.
Бәріміз белсенді қатысайық!

– Сегодня мы будем говорить о вежливости, читать стихи, показывать сценку, отгадывать пословицы и играть в игру.
Давайте участвовать дружно и активно!

2. Өлеңдер мен мақал-мәтелдер

3–4 оқушы шығып, өлеңдер мен мақалдар оқиды.

Оқушы 1 (өлең):
Әдептілік — амандасудан басталар,
Әдепсіздік — адамды кетер басынар.
Сәлем берсең, сәлеміңе бар адам,
Ізгілікпен, ілтипатпен бас иер.

Оқушы 2 (мақал):
– Әдептілік — елге жарасар,
Әдепсіздік — елден аласар.

Оқушы 3 (мақал):
– Сыйлап өт үлкендерді,
Сыйлы болар күндерің.

Оқушы 4 (өлең):
Кішіпейіл болайық,
Әдеппенен толайық.
Қамқор болып әрқашан,
Үлкендерден озбайық!

2. Стихи и пословицы

3–4 ученика выходят и читают стихи и пословицы.

Ученик 1 (стихотворение):
Вежливость — с приветствия начинается,
А грубость — с поведения дурного.
Коль здороваешься ты — все улыбаются,
А неуваженье — дело не героя.

Ученик 2 (пословица):
– Вежливость человеку к лицу,
А грубость ведёт ко злу.

Ученик 3 (пословица):
– Уважай старших, будь примером для младших.

Ученик 4 (стихотворение):
Будь всегда скромнее,
С добротой живи.
Старших уважай ты,
К ним не груби!

3. Көрініс: «Асханадағы әдеп» / Сценка: «Вежливость за столом»

Рөлдер: Ана, Әдепті бала, Әдепсіз бала / **Роли**: Мама, Вежливый ребёнок, Невежливый ребёнок

Мазмұны қысқаша / Краткое содержание

Асхана. Үйге қонақ келген. Анасы балаларын үстел басына шақырады. Бір бала қолын жумай келіп, асығыс отырып кетеді. Екінші бала қолын жуып келіп, «Ас болсын!» деп, үлкендерге орын береді.

Кухня. В дом пришли гости. Мама зовёт детей за стол. Один ребёнок садится, не помыв руки, и начинает есть. Другой — моет руки, желает всем «Приятного аппетита!» и уступает место старшим.

Анасы: Балалар, қонақ келді. Қолдарыңды жуып, әдеппен дастарханға отырыңдар!
Мама: Дети, гости пришли. Помойте руки и садитесь за стол с уважением.

Әдепсіз бала: Қойшы, мама, мен тамаққа ашпын! (қолын жумай, отырып жей бастайды)
Невежливый ребёнок: Мама, я голодный! (садится без мытья рук и начинает есть)

Әдепті бала: Мен алдымен қолымды жуып келем, содан кейін «Ас болсын!» деймін. Үлкендер алдымен алсын.
Вежливый ребёнок: Я сначала помою руки, а потом пожелаю всем «Приятного аппетита!» и уступлю место бабушке.

Анасы: Дұрыс айтасың, балам. Әдепті болу – әрбір баланың міндеті.**Мама:** Молодец, сынок! Вежливость — главное качество воспитанного человека.

Қорытынды: Әдептілік – отбасыдан басталады.
Вывод: Вежливость начинается с семьи.

4. Ойын: "Сен не істер едің?" / Игра: "Что бы ты сделал?"

Тәрбиеші түрлі жағдаяттар айтып, балалар жауап береді. / Воспитатель зачитывает ситуации, дети отвечают.

Жүргізуші: Ал, балалар, сендер мына жағдайларда не істер едіңдер? /
Ведущий: Дети, а что бы вы сделали в таких ситуациях?

1-сұрақ: Мектепке келсең, есіктен сенен үлкен кісі кіріп келеді. Не істейсің? (Балалар: Есікті ашып, өткізіп жіберемін.)

1 вопрос: Вы заходите в школу, а перед вами идёт взрослый. Что вы сделаете?
(Ответ: Открою дверь и пропущу вперёд.)

2-сұрақ: Досыңның сөмкесі құлап қалды. Сен не істейсің?
(Жауап: Көмектесемін, көтерісемін.)
2 вопрос: У друга упал рюкзак. Твои действия?
(Ответ: Помогу поднять.)

3-сұрақ: Автобуста әже тұр, ал сен отырсың. Не істейсің?
(Жауап: Орын беремін.)
3 вопрос: В автобусе стоит бабушка, а ты сидишь. Что делать?
(Ответ: Уступлю место.)

5. Қорытынды сөз / Заключительное слово

Тәрбиеші / Воспитатель

– Балалар, бүгін біз не туралы айттық?
– Ребята, о чём мы сегодня говорили?

Балалар: Әдеп, сыпайылық, кішіпейілділік туралы. / **Дети:** О вежливости, уважении, доброте.

Тәрбиеші / Воспитатель

– Дұрыс айтасыңдар! Әдепті бала — әрқашан көпке сыйлы, ата-анасының мақтанышы.
Сондықтан әрдайым әдепті, сыпайы болуға тырысайық!

– Правильно! Воспитанный ребёнок — это тот, кто уважает старших, помогает младшим и говорит добрые слова.
Будем всегда такими!

6. Қорытынды ән / Заключительная песня

«Балалық шақ» атты көңілді, балаларға арналған ән. Барлық оқушылар бірге орындайды. Хором исполняется весёлая и добрая песня — «Детство».

Қазақстан Республикасының оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО

Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Күз Ханшайымы-2025» байқауы
СЦЕНАРИЙ

Жауапты:
Дәрушова Ә.Б.

Өткізілетін күні: 14.10.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 18:35
Өткізілетін жері: хол ОСК
Қатысушылар: 2025 жылдың 10 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Күз мезгілінің сұлулығын өнер мен эстетика арқылы сезіндіру. Қыз балалардың өнері мен сұлулығын, зеректілігі мен тапқырлығын таныту. Эстетикалық талғамды қалыптастыру, сахна мәдениетін тәрбиелеу. Қатысушылардың өз-өзіне деген сенімін арттыру және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын жетілдіру.
Цели: Развитие творческих способностей учащихся. Воспитание эстетического восприятия через красоту осенней природы. Раскрытие талантов, интеллекта и индивидуальности девочек. Формирование сценической культуры и уверенности в себе. Обучение навыкам самопрезентации и публичного выступления.
Міндеті:
- Қыз балаларға өзін еркін көрсетуге мүмкіндік беру.
- Сахнада өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру.
- Ұлттық құндылықтар мен табиғатқа деген сүйіспеншілікті насихаттау.
- Жан-жақты дамуға қолдау көрсету (өнер, білім, стиль, сөйлеу мәдениеті).
- Мектепішілік ұйымшылдықты, достықты арттыру.

Задачи:
- Предоставить участницам возможность раскрыть свои таланты и индивидуальность.
- Формировать сценическую культуру и уверенность при выступлениях.
- Прививать любовь к родной природе и национальным ценностям.
- Способствовать всестороннему развитию школьниц (творчество, интеллект, речь, стиль).

 Укреплять дружеские связи и сплочённость в школьном коллективе.

Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий

Жүргізушілер: Құдайбергенова А.Ш.- *тәрбиеші*

Тілепова Б.Ж.- *тәрбиеші*

Іс - шара барысы

Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

Кіріспе / Вступление (Толық нұсқа)

Жүргізуші 1 (Қазақша):

Армысыздар, ардақты ұстаздар, қадірлі ата-аналар және көрермен қауым! Сары алтындай сап-сары жапырақтарын төгіп, алтын күз де келіп жетті. Күз — молшылық пен берекенің, сұлулық пен сырдың мезгілі. Табиғаттың бұл ғажап көрінісі – ақындарға шабыт, суретшілерге бояу, өнер иелеріне әсем туынды сыйлайтын ерекше мезгіл.

Бүгінгі кешіміз осы алтын күзге арналып, көз тартар сұлулық пен өнерге толы «КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ – 2025» байқауы ретінде өткелі отыр. Бұл байқауда бойында сұлулық пен сымбат, ақыл мен парасат тоғысқан аруларымыз өз өнерлерін көрсетіп, «Күз ханшайымы» атағына таласатын болады.

Кешіміздің әсерлі өтуі үшін баршаңызға көтеріңкі көңіл-күй, ал аруларымызға сәттілік тілейміз.

Жүргізуші 2 (Орысша):

Добрый день, уважаемые учителя, родители и гости нашего праздника! На землю вновь пришла красавица Осень — золотая, щедрая и вдохновляющая.

Осень — это время ярких красок, поэтических настроений и творческих идей.

И сегодня мы собрались здесь, чтобы отметить этот прекрасный сезон праздником красоты, грации и таланта — конкурсом **«ОСЕННЯЯ КОРОЛЕВА – 2025»**.

Наши участницы — смелые, умные, талантливые и невероятно красивые девочки, которые будут бороться за титул самой яркой и обаятельной Королевы Осени. Они приготовили для вас творческие нөмірлер, стильные образдар, және өздерінің өнерлері мен білімдерін көрсетеді.

Желаем участницам удачи, а вам, дорогие зрители, — прекрасного настроения и ярких впечатлений!

□ 1-кезең: Таныстыру / 1 этап: Представление

🎤 Жүргізуші 1 (қазақша):

Ендеше, бірінші кезеңімізді бастайық.
Бұл кезеңде әр қатысушы өздерін таныстырып өтеді.
Аруларымыз есімі мен сыныбын, қызығушылықтары мен арманын айтып, күз туралы қысқаша ой-пікірін білдіреді.

🎤 Жүргізуші 2 (орысша):

А теперь мы переходим к первому этапу — знакомству!
Каждая участница расскажет немного о себе:
имя, класс, увлечения и, конечно, своё отношение к прекрасной осени.
Встречаем наших участниц!

🔹 Қатысушылар ретімен шығып таныстырады:

«Менің есімім Қарақат, 4-сынып оқушысымын. Бос уақытымда сурет салып, өлең жазғанды ұнатамын. Күз – мен үшін шабыттың мезгілі.»

«Я – Лера, ученица 4 класса. Люблю читать книги и гулять по парку осенью. Осень для меня — это уют, тишина и горячий чай.»

🎨 2-кезең: Шығармашылық өнер / 2 этап: Творческий конкурс

🎤 Жүргізуші 1 (қазақша):

Келесі кезең — шығармашылық байқау.
Бұл кезеңде аруларымыз өз өнерлерін ортаға салады.
Кім ән салады, кім би билейді, кім өлең оқиды –
қысқасы, сахна қыздардың шынайы талантын ашатын сәт.

🎤 Жүргізуші 2 (орысша):

Второй этап — творческий конкурс.
Здесь участницы покажут, на что они способны:
пение, танцы, чтение стихов, рукоделие или другие таланты.
Пусть сцена наполнится вдохновением!

🔹 Қатысушылар ретімен шығады:

- Би билеу (ұлттық/заманауи)

- Ән айту (күз туралы немесе өз таңдауы)
- Күй тарту, сурет салу, қолөнер бұйымын көрсету
- Авторлық өлең немесе монолог оқу

👗 3-кезең: Сән үлгісі – «Күзгі подиум» / 3 этап: Осенний модный показ

🎤 Жүргізуші 1 (қазақша):

Енді сахнамыз сән әлеміне айналмақ!
Аруларымыз күзгі сән үлгілерін көрсетеді.
Киім үлгісі – табиғи материалдардан жасалса, ерекше бағаланады.
Әрбір ару өз киімін қысқаша сипаттап өтеді.

🎤 Жүргізуші 2 (орысша):

Сейчас наш зал превратится в модный подиум!
Участницы продемонстрируют осенние образы —
яркие, креативные, стильные и, возможно, сделанные своими руками.
Каждая из них расскажет немного о своём наряде.

🔹 Мысал сипаттама:

«Менің көйлегім күзгі жапырақтар мен гүлдерден жасалған. Қызғылт сары, қоңыр түстер – күздің реңін жеткізеді.»

«Мой наряд — это символ золотой осени. Он украшен листьями, желудями и даже маленькими тыквами!»

💡 4-кезең: Білім сайысы / 4 этап: Интеллектуальный конкурс

🎤 Жүргізуші 1 (қазақша):

Сұлулық пен өнер – жарасқан дүние. Бірақ ақыл мен білім болмаса,
нағыз ханшайым болу мүмкін емес!
Сол себепті кезекті кезеңіміз — «Білім сайысы».
Әр аруға күзге байланысты сұрақтар қойылады.

🎤 Жүргізуші 2 (орысша):

Красота без ума — это лишь половина успеха!
Теперь участницы покажут, насколько они умны и сообразительны.
Им будут заданы вопросы, связанные с осенью, природой и литературой.

🔹 Сұрақтар мысалдары:

1. Күзде ағаш жапырақтары неге сарғаяды?

2. Күз айларын ата.
3. Қандай күзгі көкөністер мен жемістерді білесің?
4. Абай Құнанбайұлының күз туралы өлеңін білесің бе?
5. Осень — какое это время года по счёту?
6. Назови пословицу или поговорку про осень.

(Сұрақтар жеңілден күрделіге қарай қойылады. Жауап дұрыс болса – ұпай беріледі.)

👑 Қорытынды және марапаттау / Итоги и награждение

🎤 Жүргізуші 1 (қазақша):

Байқау да мәресіне жетті. Құрметті қазылар алқасы,
сіздердің шешімдеріңізді естиік.
Қымбатты көрермендер, аруларымызға қошемет көрсете отырып,
жеңімпазды бірге анықтайық!

🎤 Жүргізуші 2 (орысша):

Наш конкурс подошёл к завершению.
Слово предоставляется жюри для оглашения результатов.
Давайте аплодисментами поддержим наших прекрасных участниц
и узнаем, кто станет **"Күз Ханшайымы – 2025" / "Осенняя Королева – 2025"**!

🏆 Марапаттау / Награждение:

Бас жүлде:

Бекжан Көркем - Күз Ханшайымы / Осенняя Королева – 2025

Номинациялар:

Жасқайрат Әсия - Ең өнерлі ару / Самая талантливая

Қанат Қарақат - Ең әсем сән үлгісі / Лучший осенний образ

Демянчук Валерия - Көрермен көзайымы / Приз зрительских симпатий

Қайрош Алтынай - Шығармашыл ханшайым / Творческая королева

(Медальдар, дипломдар, кішкентай сыйлықтар беріледі)

🎉 Қорытынды сөз / Заключительное слово

Жүргізуші 1 (қазақша):
Бүгінгі кешімізде әрбір қыз өз бойындағы сұлулық пен талантты,
ақыл мен инабатты көрсете білді. Барша қатысушыларды шын жүректен құттықтаймыз!

Жүргізуші 2 (орысша):
Все участницы сегодня были настоящими королевами!
Спасибо вам за праздник, за эмоции и за тёплую атмосферу.
До новых встреч!

Қазақстан Республикасының оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО

Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың

«25 қазан – Республика күні «Менің Отаным -Қазақстан!» іс-шараның

СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Макажанова А.М., Узенова Р.Н.

Өткізілетін күні: 21.10.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 18:35
Өткізілетін жері: хол ОСК
Қатысушылар: 2025 жылдың 10 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері

Іс шараның мақсаты: Білімділік: Оқушыларға **25 қазан – Республика күнінің** тарихимаңызын, **Егемендік декларациясының** қабылдануының **Тәуелсіз Қазақстан** үшін маңызын ұғындыру.

- **Дамытушылық:** Оқушылардың танымдық қабілеттерін, шығармашылық ізденістерін арттыру, өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру.
- **Тәрбиелік:** Оқушыларды **Отан**-ды сүюге, **мемлекеттік рәміздерді** қастерлеуге, елінің тарихына құрметпен қарауға, **патриоттық тәрбие** негізінде ұлтжанды азамат болуға баулу.

(Зал мерекеге сай безендірілген. Патриоттық әуен ойнап тұрады. Жүргізушілер ортаға шығады.)

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар және оқушылар! Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің бастауы болған ұлы мереке – **25 қазан Республика күніне** арналған «Менің Отанм – Қазақстан», атты салтанатты **жиынымызды** ашық деп жариялаймыз!
2-жүргізуші:
Көк аспанда нұрлы күн күлімдесін,

Жердің жүзін шаттық әні тербетсін.
Республикам – бақытты ұлы Отаным,
Мерекеңді бүкіл әлем құрметтесін!

(Барлығы орнынан тұрады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.)

1-жүргізуші: : Балалар, **25 қазан** – жай ғана мереке емес, бұл – егемендігіміздің іргетасы қаланған тарихи күн. 1990 жылы дәл осы күні Қазақстанның «Мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданды. Бұл құжат **Тәуелсіз Қазақстан** жолындағы алғашқы әрі ең маңызды қадам болды. **Егемендік декларациясы** елімізге өз тағдырын өзі шешуге, дербес мемлекет болуға құқықтық негіз қалады.

2-жүргізуші: Әрбір тәуелсіз мемлекеттің өзінің қасиетті белгілері – **мемлекеттік рәміздері** болады. Ол рәміздерді білу және құрметтеу – әрбір азаматтың парызы. Қане, білімімізді сынайық!

- **Сұрақ 1:** Қазақстан туының авторы кім? (Шәкен Ниязбеков)
- **Сұрақ 2:** Туымыздағы көк түс пен күн нені білдіреді? (Ашық аспан, бейбітшілік және молшылық)
- **Сұрақ 3:** Елтаңбадағы шаңырақ пен пырақтардың мағынасы қандай? (Шаңырақ – ортақ үйіміз, Отанымыз. Пырақтар – арманға ұмтылыс, қанаттылық.)
- **Сұрақ 4:** Мемлекеттік Әнұранның сөзін жазған авторлар кімдер? (Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев)
- **Сұрақ 5:** Әнұранның әнін жазған сазгер кім? (Шәмші Қалдаяқов)

(Дұрыс жауап берген оқушылар мадақталады.)

1. ***М.Мақатаев «Үш бақытым»***
   мәнерлеп оқу Тілеуберген Ержігіт
2. ***Хор «Қазақстан бақыты»*** «Достық» тобы
3. ***Хор «Айналайын»*** «Балбөбек» тобы
4. ***Хор «Мен - қазақпын»*** «Достық» тобы
5. ***Би «Қара жорға» 4 топ***
6. ***Би «Үйғыр биі»*** Жолдахмет Айша мен Есенкелді Айзере
7. ***«Отан»*** мәнерлеп оқу Тұрсынғалиева Адия
8. ***Хор «Қазақстаным – Отаным менің»***

2-жүргізуші: Отан – әр адамның жүрегіне ең жақын, ең қасиетті ұғым. Ақындарымыз Отанға, туған жерге талай тамаша жыр арнаған. Ендігі кезек – өлең-жырға!

*(Оқушылар **Республика күніне** және **Отан** туралы алдын-ала дайындаған тақпақтарын мәнерлеп оқиды.)*

1-оқушы:
Республикам – Қазақстан,
Тәуелсіздік – ұраным.
Сен деп соғар мәңгілікке,
Жүректегі жыр-әнім!

2-оқушы:
Жиырма бесі қазанның,
Тарихы терең, білемін.
Егемендік жолында,
Басталған қадам, іргемің!

3-оқушы:
Көк байрағым көгімде,
Әнұраным төгілде.
Бақыттымын өзіңмен,
Менің Қазақстаным – төрімде!

1-жүргізуші: Құрметті оқушылар! Бүгінгі **тәрбие сағаты** арқылы біз **Республика күнінің** маңызын тағы бір мәрте сезіндік. **Тәуелсіз Қазақстан** – біздің баға жетпес байлығымыз. Осы елдің жарқын болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Отанды сүйіп, білімге ұмтылып, адал азамат болып өсулеріңізге тілектеспін!

1-жүргізуші: Отанымыздың тұғыры биік, туымыз мәңгі желбірей берсін!
2-жүргізуші: 25 қазан – Республика күні құтты болсын!
Хор «Атамекен» барлық бала орындайды

Оқу- сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

Оқу-сауықтыру кешені директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Г.Е. Тельтаева**

«Бөбек» ҰҒПББСО
оқу сауықтыру кешенінің
2025 жылғы 02 қазан мен 23 қазан аралығындағы
медициналық ауысым есебі
Бала саны – 110, 3-4 сынып оқушылары;
Ауысым тақырыбы: «Сүйем сені, туған өлкем!»

Аймақ бойынша сауықтырылған балалардың сандық көрсеткіші

№ р/н	Облыстар атауы	Балалар саны	
		жоспарға сәйкес	нақты келген
1	Абай облысы	10	9
2	Ақтөбе облысы	10	10
3	Атырау облысы	10	10
4	Алматы облысы	10	9
5	Алматы қаласы	-	2
6	Батыс Қазақстан облысы	10	10
7	Жетісу облысы	10	10
8	Қостанай облысы	10	10
9	Қызылорда облысы	10	10
10	Павлодар облысы	10	10
11	Солтүстік Қазақстан облысы	10	10
12	Түркістан облысы	10	10
	Қорытынды	**110**	**110**

Алматы облысынан 1 бала, Абай облысынан 1 бала жол жүрерде ауырып қалуларына байланысты келмеді, орындарына тұрмысы төмен отбасы балаларына арналған №10 мектеп интернатынан 2 бала қабылданды.

12.10. күні Атаниязова Айару, Попова Авроранı отбасылық жағдайларына байланысты ата-ананың өтінішімен алып кетулеріне байланысты, орындарына Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қапал орта мектебінен 2 бала қабылданды.

Балалардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік жағдай	**абс. сан**	**%**
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	7	6,4
Аз қамтылған отбасынан	20	18,2
Жетім	2	1,8
Көп балалы отбасынан	81	73,6
Жалпы балалардың ішінен - ауылдық	98	89,1
- қалалық	12	10,9
Экологиялық қолайсыз аймақтан келген балалар саны:		

1. Абай облысы: - Үржар ауданы – 10 2. Қызылорда облысы: - Арал қаласы – 10	20	18,2

Қабылдау кезінде жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында, дәрігерлер мен мейірбикелер балаларды битшеңдік, котыр мен қышыма және жұқпалы ауруларға қарап тексеріп, балалардың денсаулығы туралы қорытындыны медициналық картаға (нысан №003/у) 2020 жылғы 30 қазандағы №907 ҚР ДСМ - 175/2000 бұйрығымен тіркелген.

Ауысым барысында күнделікті дәрігерлердің медициналық тексеруі, жалпы иммунитет көтеретін сауықтыру рәсімдері тағайындалды: жеткілікті толық түнгі ұйқысы және күндізгі демалысы үйлестірілген емдік-қорғау тәртібі, күніне 6-мезгіл емдік-сауықтыру-тамақтандыру (диета) №15; 3-ші тағамға «С» дәруменін қосу; климат әсерімен емдеу (күн, ауа ванналары); шунгитотерапия (жалаң аяқ жүру); галотерапия (тұзбен емдеу); криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау), көзге арналған жаттығу, таңертеңгілік жаттығу және бейімделген дене шынықтыру, инфекцияның созылмалы ошақтарын емдеу және әр балаға оның жасын, физикалық және психоэмоционалды жағдайын ескере отырып, жеке сауықтыру бағдарламасы жасалынды.

Аурудың көрсеткіштері бойынша емдік столы (диета) тағайындалды.

Балалардың аурушаңдық құрылымы

№	Аурулардың атауы	абс. саны	%
1	Ақуыз-энергетикалық жетіспеушілігі	19	17,3
2	Анемия	15	13,7
3	Артық салмақ	1	0,9
4	Жиі ауыратын бала (бадамша таңлай гипертрофиясы, созылмалы тонзиллит, ринит, мұрын пердесінің қисаюы, созылмалы пульпит, созылмалы периодонтит, кариес, тістің орналасу аномалиялары, созылмалы отит)	73	66,3
5	Зәр шығару аурулары – созылмалы бүйрек ауруы (мүгедектік), нейрогенный мочевой пузырь	2	1,8
	Қорытынды:	**110**	**100**

Лор дәрігері мен тіс дәрігерінің (стоматологтың) мұрын - жұтқыншақ, тіс және ауыз қуысы инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.

Мамандар	Жалпы балалар саны	Мұқтаж	Емделді
Тіс дәрігері	110	107/97,2%	22/20,6%
Лор дәрігері	110	6/6,6%	6/6,6%

Жеке физиотерапиялық процедураларды ауруға байланысты әр балаға дәрігер/физиотерапевт тағайындады және жеке қажеттілігіне қарай балаларға күніне 2-3 түрлі физиопроцедуралар түрі жүргізілді.

Физиотерапиялық процедуралар түрі

Физиопроцедуралар түрі	**Процедура саны/процедура бірлігі**
Альфакапсула	82/410
«Биоптрон» шамы	305/410
Дарсонваль тоғы	126/157,5
Магнитпен емдеу	238/714
Жылумен емдеу (теплон)	176/288
Емдік уқалау (массаж)	550/631
Электрофорез	98/196
СМТ терапия	140/420
Ингаляция	85/85
Галотерапия	1650/1650
Шунгитотерапия	1650/1650
Криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау)	1100/1100
Парафинмен емдеу	70/175
Ультра фиолетті сәулелендіру (УФО)	560/840
Қорытынды	**6830/8726,5**

Сауықтыру тиімділігі: денсаулығы айтарлықтай жақсарған және едәуір жақсарған балалар саны 105/95,5%, өзгеріссіз 5/4,5%

Алматы қаласы клиникалық ауруханаларына қаралғандар:

Мекеме атауы:	**абс**	**%**
Педиатрия және балалар хирургиясы емханасы	3	2,7
№5 Қалалық клиникалық ауруханасы	4	3,6

1. 09.10. Абзалұлы Ақназар 08.11.2017 ж, «Анемия» диагнозын анықтау мақсатында «Педиатрия және балалар хирургиясы» емханасының зертханасында қан талдауы жасалынып, гематолог дәрігерінің қабылдауында болды. «Латентный дефицит железа» диагнозымен ем тағайындалып, дәрігер ұсыныстары берілді.
2. 09.10. Қаржаубайұлы Елдос 06.07.2017ж, «Анемия» диагнозын анықтау мақсатында «Педиатрия және балалар хирургиясы» емханасының зертханасында қан талдауы жасалынып, гематолог дәрігерінің қабылдауында болды. «Латентный дефицит железа» диагнозымен ем тағайындалып, дәрігер ұсыныстары берілді.
3. 09.10. Әзімханқызы Әзиза 04.06.2016 ж, «Анемия» диагнозын анықтау мақсатында «Педиатрия және балалар хирургиясы» емханасының зертханасында қан талдауы жасалынды. Талдау нәтижесі қалыпты.

4. 20.10. Досанова Ару 29.04. 2017ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасында ауыз қуыс жақ аймактарына панормалық рентген жасалынды. «54 тісінің созылмалы периодонтиті» диагнозы қойылып, тұрғылықты жерінде симптоматикалық ем қабылдау туралы дәрігер кеңесі берілді.
5. 20.10. Майер Роман 24.01. 2016ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасында ауыз қуыс жақ аймактарына панормалық рентген жасалынды. «85 тісінің созылмалы периодонтиті» диагнозы қойылып, тұрғылықты жерінде симптоматикалық ем қабылдау туралы дәрігер кеңесі берілді.
6. 20.10. Бекжан Көркем 27.05. 2016ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасында ауыз қуыс жақ аймактарына панормалық рентген жасалынды. «46 тісінің созылмалы периодонтиті» диагнозы қойылып, тұрғылықты жерінде симптоматикалық ем қабылдау туралы дәрігер кеңесі берілді.
7. 20.10. Серік Дария 08.12. 2015ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасында ауыз қуыс жақ аймактарына панормалық рентген жасалынды. «46 тісінің созылмалы периодонтиті» диагнозы қойылып, тұрғылықты жерінде симптоматикалық ем қабылдау туралы дәрігер кеңесі берілді.

Психологиялық жұмыстар оқу-сауықтыру кешенінің және психолог жұмысының жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімделуге көмектесу, сондай-ақ дұрыс бейімделмеген балаларды уақтылы анықтау және оларға қажетті психологиялық көмек көрсету бағытында топтық және жеке психологиялық тренингтер жүргізілді.

Оқу-тәрбие және демалыс іс - шаралары, байқаулар, шығармашылық шеберхана және «Өзін-өзі басқару» атты жоба жоспарға сәйкес өткізілді.

Ата-аналар пікірлері:







Оқу-сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

Фото-есеп

Ауысым барысындағы күнделікті балалар дәрігерлерінің медициналық тексеруі және бақылауы.

Лор дәрігері мұрын - жұтқыншақ, құлақ инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі

Сауықтырылуға келген барлық балалар стоматологиялық кабинетте профилактикалық тексеруден өтеді және тістер мен қызылиек аурулары болған жағдайда тиімді ем алады.

Балалардың денелік (физикалық) даму деңгейін анықтау үшін түрлі функционалдық сынамалар жасалынады, яғни баланың жатқан күйіндегі пульс жиілігі мен артериалды қысымы (Генче сынамасы) өлшенеді

Балалардың өсу көрсеткішін анықтау мақсатында балалар келген алғашқы күні балалардың бойы мен салмағының сәйкестігі өлшенеді.

Галотерапия - бұл денсаулықты нығайту үшін аурудың алдын-алу, сауықтыру және оңалту әдісінің бір түрі. Балалар сауықтыру ауысымы кезінде рухани рухани және физикалық денсаулықтың күш-қуаты мен үйлесімін арттыруға ықпал ететін галотерапия емдік шараларын күнде қабылдайды.

Емдік уқалау (массаж) –бұл адам ағзасына механикалық және рефлекторлық әсер ететін медициналық әдіс.
Емдік уқалаудың ағзаға кең ауқымды әсер етуі және дәрі-дәрмексіз пайдалануымен ерекшеленеді. Сауықтыру ауысымына келген барлық балалар емдік уқалау шарасын алады.

Ультракүлгін сәулелерімен емдеу - ағзаның қызметін ынталандырудың тиімді құралдарының бірі. Оқу-сауықтыру кешенінде ультракүлгін сәулелері суықтың алдын алу және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.

Шунгит өзінің сиқырлы, емдік қасиеттерімен танымал минерал. Балалар алғашқы күннен бастап арнайы төселген "Денсаулық жолымен" 4-5 минут жүреді, күн сайын 1 минут қосып, 10 минутқа дейін жеткізеді. Шунгит тастарда жалаң аяқ жүру табанда орналасқан нүктелердің белсенділігін арттырады және жалпақ табандылықтың алдын алады.

Альфа массажды капсула денсаулықты сауықтыру, оңалту және жағымды музыкалық терапия әдісі ретінде қолданылады. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, рухани және физикалық денсаулығын жақсартады.



Амплипульстерапия- күші төмен айнымалы синусоидальды модульдік токтармен әсер ететін электрмен емдеу әдісі. Оқу-сауықтыру кешенінде бұл әдіс сауықтырудың жұмсақ және мүлдем қауіпсіз әдісі ретінде кеңінен қолданылады.

Дарсонваль - физиотерапиядағы сауықтыру - емдеу әдістерінің бірі. Дарсонваль аппаратын күнделікті қолдану балаларға суықтың алғашқыбелгілерімен күресуге, иммунитетті нығайтуға, ас қорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіруге, көгерген кезде ауырсыну мен қабынуды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

 Табан аймағында белсенді биологиялық аймақтар шоғырланғаны белгілі, олар ішкі ағзаның жұмыс белсенділігін арттыруға үлес қосады. Денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға мұз түйіршіктерімен массаж жасау арқылы бала денесінің әр түрлі жүйелерінде елеулі оң жылжуды ынталандыратын, терінің температурасы рұқсат етілген деңгейдің төменгі шегіне дейін төмендеген кезде жедел реакцияға және сауықтыруға бағытталған бұл әдіс кеңінен қолданылады.	 Магнитотерапия- бұл төменжиілікті ауыспалы немесе тұрақты магнит өрісі қолданылатын физиотерапия әдісі. Физиотерапияның бұл әдісін оқу-сауықтыру кешеніне денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға жоғарғы тыныс жолдарының аурулары, көз патологиясы, өт шығару жолдарының қабыну кезінде сауықтыру және оңалту үшін кеңінен қолданылады.
 Парафин-озокеритпен емдеу - тырысқан бұлшық еттерді босаңсытуға және қабыну аурулары мен олардың алдын алуға ықпал ететін жылулықпен емдеу әдісі. Аталған процедура суықтың алдын алу, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.	 Ингаляциялық терапия - жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының алдын алу және емдеудің ең қауіпсіз және тиімді әдістерінің бірі . Ингаляция қабылдау кезінде препараттар тыныс алу жолдарына тез және тиімді әсер етеді.

Жылу терапиясы - бұл емдік мақсатта қолданылатын, иммундық жүйені нығайтатын, жүйке жүйесін тыныштандыратын магнит өрісі. Қызыл жарық пен магниттік сәулеленудің импульсті сәулеленуі аллергиялық жағдайларда тиімді, шырышты ісінудің алдын алып, мұрынның ағуы мен бітелуін және тамақ аурын жояды.

Баланың рухани және физикалық дамуы, оның энергиясы мен жақсы көңіл-күйін арттырудың маңызды шарты - теңдестірілген, дәрумендер мен минералдармен байытылған тамақтану. Балалар сауықтыру ауысымы бойы жасына сәйкес келетін құнарлы 6 реттік теңгерімді тамақтанумен қамтамасыз етіледі

Оқу процесі мемлекеттік стандартқа сәйкес ұйымдастырылды,оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілді;

- бастауыш мектеп бағдарламасы оқушыларды адамгершілік-рухани тәрбиелеуге, олардың оқу іс-әрекеті дағдыларының, мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтының негіздерін, оқу техникасын, жазу үлгісін, есепті меңгеруіне, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған

Психологиялық жұмыстар оқу-сауықтыру кешенінің және психолог жұмысының жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімделуге көмектесу, сондай-ақ дұрыс бейімделмеген балаларды уақтылы анықтау және оларға қажетті психологиялық көмек көрсету бағытында топтық және жеке психологиялық тренингтер жүргізілді.

«Бөбек» оқу-сауықтыру кешені аумағында балаларға арнайы баспалдақпен көтерілуге арналған ойын алаңы, шөпті спорт және соқпақ жолдар алаңы ұйымдастырылған. Жаяу серуендеу физикалық төзімділіктің жоғарылауына, денені сауықтыру мен нығайтуға арналған психо-эмоционалды белсенділікті қалыпқа келтіруге ықпал етеді.

Балалардың әр күні дұрыс ұйымдастырылған «Қимыл белсенділігін арттырайық» ұранымен басталады. Әр топта бейімделген емдік дене шынықтыру сабақтарында қимыл-қозғалыс жаттығулары мен спорттық квест ойындары баланың адамгершілік және рухани денсаулығын нығайту мақсатында өткізіледі.

06.10. күні сауықтыру ауысымына келген балалармен "Өзін-өзі басқару" кеңесі өткізілді. Балалар Президент, білім, мәдениет, спорт, қауіпсіздік және денсаулық министрлерін дауыс беру арқылы таңдады. Оқушылардың өзін – өзі басқаруға қатысуы айқын азаматтық ұстанымды, өзіне және басқаларға құндылық қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді. Әлеуметтік маңызды мақсаттарға қол жеткізу үшін өз бетінше шешім қабылдауға деген көзқарастың дағдыларын, балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамытып, жауапкершілікке үйретеді.

Бағдарлама жоспарына сәйкес кешенде «Күз бояуы» тақырыбында шығармашылық сурет салу көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге балалар күз мезгілінде піскен дәнді- дақылдар мен жеміс-жидектердің, күзгі жапырақтар мен қызыл бояуға бөленген ағаштар бейнеленген өз туындыларын ұсынды. Әр сүретттен туған жерге деген сүйспеншілік пен шабыттың нұры сезіледі. Бұндай шығармашылық іс-шараларын ұйымдастыру балалардың қоршаған әлемді тануға деген қызығушылықтарын дамытып, ығармашылық қабылеттерін ашуға ықпал етеді.

25 қазан — Республика күніне орай «Менің Отаным – Қазақстан!» атты патриоттық іс-шара өтті. Іс - шара Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылып, қатысушыларға елге деген мақтаныш пен рух сыйлады. Оқушылар патриоттық әндер айтып, би билеп, Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқып, Отанға деген сүйіспеншіліктерін өнер арқылы көрсетті. Мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары бұл іс-шара жас ұрпақтың бойында елге деген құрмет пен патриоттық рухты нығайтты.

«Бөбек» орталығының оқу-сауықтыру кешенінде демалушы балалармен «Күз ханшайымы» байқауы өткізілді. Барлық топтардың қатысушы балалары өздерін таныстырып, ән мен би билеп, сұрақтарға жауап беруде өз шеберліктерін көрсетті. Іс-шара балалардың мерекелік қуанышты көңіл-күйіне, жарқын әсерлер мен эмоционалды және физикалық денсаулықтарын нығайтуға ықпал етті.

2025 жыл 21 қазан күні 14:00-де “Бөбек” оқу-сауықтыру кешенінің бастауыш сынып мұғалімі Есимова Бекзат Киргизбаевна «Қазақтың ұлттық ойын түрлерін сабақта қолданудың маңыздылығы тақырыбында тікелей эфирде сөз сөйледі.
Толығырақ сілтемесіне өтіп қарай аласыздар:
https://www.facebook.com/share/v/1Cx6wuR1HG/


Хор 10:37

janelbaimuratova

Пересланное сообщение

Здравствуйте. Хочу сказать спасибо всей вашей команде за отличную организацию. Мы очень рады, что наш ребенок провел время с пользой и позитивными эмоциями. Благодарю вас за заботу и внимание к нашим детям.❤️Ребено очень доволен и не хотела уезжать🥹 Спасибо всем вам👏👏👏 11:04

Пересланное сообщение

Здравствуйте,да большое спасибо за такую возможность подарить детям новые эмоции!!!! Процветания вашему центру💐 11:04

Пересланное сообщение

Саламатсыздарма 11:04

Пересланное сообщение

Калдарыныз калай 11:04

Пересланное сообщение

Коп рахмет тарбиешылерге окытушыларга аспазшыларга балаларымызга кушты дем алыс сыйлагандарыңызга аман

Аяулым Калихановна

Пересланное сообщение

Уважаемые воспитатели и администрации оздоровительного лагеря Бөбек. Выражаю огромную благодарность за приятные слова, эмоции и заботу. Желаем Вам процветания и успехов в вашей работе. Надеемся на новые встречи с Вами 🤗 11:39

Пересланное сообщение

Құрметті Айман Аяулым және Манзура апайлар!
Балаларымыздың 20күн демалысын мәнді де мағыналы өткізулеріне жағдай жасап, олардың әр күнін шаттық пен қуанышқа белегендеріңіз үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз.
Сіздердің қамқорлығыңыз бен мейіріміңіз балалардың жүрегінде мәңгі сақталады.
Сабырлылықпен тәрбиелеп, көңілді әрі қауіпсіз орта сыйлаған еңбектеріңіз ерен.
Сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығы мен кәсіби табыс тілейміз!❤️🤗🙏 11:39

Пересланное сообщение

Қайырлы күн !
Құрметті “Бөбек” орталығының ұжымы және Манзура апай, Айман апай , Аяулым апай сіздерге көп -


Сәлеметсіздер мен Бөбек орталығының ұжымы сіздерге жумыстарыныз жемісін көріністер 22күн бойы біздің балаларымызды өз балаларыңыздай көрип әр балаға қамқор болып мейірімен қарап сабырлық танытқандарыныз үшін сіздерге денсаулык тілеймін 💐💐. 11:46

Пересланное сообщение

Саламатсыздарма Бөбек ұжымына 1000алғыс медик қызымыз Элмира апайға да рахмет жумыстарыңыз табыс тілеймін аман болыңыздар Рамазанның мамасымын алғысым шексіз ұстаздар😘 😘🌷 11:46

Әлеуметтік желілердегі посттарға сілтемелер

1. **«Қош келдің Бөбекке!»**
https://www.instagram.com/p/DPYX3UXChol/?igsh=MTd0bXB0N3NtZno3cg==
2. **«Криотерапия»**
https://www.instagram.com/p/DPVvpSRikfH/?igsh=MTVkYWQwcmJpZ3QwcA==
3. **Ультракүлгін сәулесі**
https://www.instagram.com/p/DPiJpYKCrfj/?igsh=Y2EyN3M2b3l4aXNh
4. **«Өзін-өзі басқару жобасы»**
https://www.instagram.com/p/DPiQwC0CtsA/?igsh=MTFiMWxxMzdxYjBzNw==
5. **«Әдепті бала – арлы бала»**
https://www.instagram.com/p/DPnVrQOiqTp/?igsh=MWZwZGgzYmh3M3FxbQ==
6. **«Күз бояуы» сурет көрмесі**
https://www.instagram.com/p/DP1UOMsigwq/?igsh=MWJzYzdhczcweDI0aA==
7. **«Күз ханшайымы» байқауы**
https://www.instagram.com/reel/DP6jpFfCoNn/?igsh=MXRibmVxbWpkc2JwZw==
8. **Тікелей эфирге анонс**
https://www.instagram.com/p/DQBq6G1itcu/?igsh=endvcjZsb3NleGdt
9. **Тікелей эфир. «Қазақтың ұлттық ойын түрлерін сабақта қолданудың маңыздылығы»**
https://www.instagram.com/p/DQG1gA1ipdi/?igsh=OXdidGNhaWJuejln
10. **«Менің Отаным – Қазақстан!»**
https://www.instagram.com/reel/DQGyBZiir7m/?igsh=azZqODJzZmxrZWF1

Ауысым туралы бейнематериалдар (ролик)

https://drive.google.com/file/d/1F4Fpe_UE_Z0Gv9Gwvjicv883TVMjDO-C/view?usp=drive_link